

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Заң күші бар Жарлығының 149-бабына толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 1996 жылғы 22 қараша N 47-І

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" 1995 жылғы 20 шілдедегі N 2368 Z952368_ Заң күші бар Жарлығының 149-бабы (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 13, N 23, 152-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 1, 180-құжат) мынадай мазмұндағы 12) және 13) тармақшалармен толықтырылсын:

"12) Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелінген,

бюджеттік ұйымдардың өз мұқтаждары үшін мемлекет бюджетінің қаражаты есебінен сатып алған тауарлары, сондай-ақ мемлекет кепілдігімен камтамасыз етілген шетелдік несие желілері бойынша сатып алынған тауарлар;

13) Қазақстан Республикасында шығарылмайтын, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін тізбе бойынша жаңа өндірістерді құру және бұрын бар өндірістерді жаңғырту (қайта құру) жөніндегі жеке бағдарламаларды жүзеге асыру үшін қажетті технологиялық жабдықтар мен жұмыс машиналары".

Қазақстан Республикасының
Президенті